Армия генералы;

*Медициналық немесе заңгер мамандығы* бар офицерлер үшін әскери атақтарының алдына тиісінше «медицина қызметінің», «әділет» деген сөздер қосылады.

*Авиацияның жоғары офицерлер құрамы* үшін (инженерлік-авиациялық даярлығы бар ұшқыштық инженерлік) әскери атақтарының алдына тиісінше «авиация» деген сөз қосылады.

Запаста тұратын азаматтардың әскери атақтарының алдына тиісінше «запастағы» деген сөз, ал отставкадағыларға «отставкадағы» деген сөз қосылады.

«Әйелдер мен әскер» мәселесі қазіргі жағдайда әлеуметтік және саяси сұрақтарға көбірек ие болып, дереу шешуді талап етеді. Әскери саланың тиімділігін жоғарылату мен нәтижелілігін арттыруда аталмыш салада жұмыс істейтін әйелдердің жағымды тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері оңтайлы әсер ететіндігін атап өтуге болады, бұл ретте олардың кәсіби қарым-қатынаста теңгерімді жеке бағалаулар, құпиялылық, шыдамдылық, әскер қатарындағы азаматтармен эмоционалдық қарым-қатынас барысында өздерін тұрақты ұстауы, байланыс ортана білудегі ашықтық, әскери талаптарға тез бейімделе алу қабілетімен ерекшеленеді. Әскери салада жұмыс істейтін әйелдердің ең жақсы қасиеттерін біріктіру бұл күрделі.

Әскери өмірде және кәсіптік жағдайларда өзін жоғалтып алмауға, ұстамдылыққа, табандылыққа, қажет болған жағдайда шешуші және ымыраға келуге тез бел байлау мен әділеттілікке деген ұмтылыстың жоғары болуымен ерекшеленеді. Әскерлердің тәжірибесі әскери-әлеуметтік ортада әйелдердің әскери топтағы қарым-қатынаста болуы олардың әлеуметтік мәдениет деңгейін арттыратынын, сонымен қатар, ерлердің әлеуметтік және кәсіби қызметін дұрыс бағытта ынталандыруға ықпал ететіндігін В.Г. Горчакова, Е.Б. Задорожникова [7, 24 б.], Е.М. Зуйкова [8, 46 б.] және тағы басқа ғалымдар өз еңбектерінде атап өткен.

Алайда, әскери-педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, әйел психикасының ерекшелігі айқын феминизмге ұшыраған ұжымдардағы қарым-қатынастарға елеулі серпін береді. Әйелдердің эмоционалдық сезімталдылығының тым жоғары болуы олардың қызмет жүктемесін әділ бөлу, арнайы бөлімшелерде (қарым-қатынасты қажет ететін орталықтарда, логистикалық құрылымдарда, медициналық мекемелерде және т.б.) «әдеттегі әйелдік қайшылықтарды» шешу барысында негізсіз қақтығыстардың туындауының себебі болып табылады. Әскери іс-әрекеттегі әйелдердің отбасылық мәселелері ерлерге қарағанда, әдетте олардың жұмысының тиімділігіне оң немесе теріс әсер етуі әбден мүмкін.

Әскери сала мәселесіне байланысты жазылған бірқатар ғылыми еңбектерде әртүрлі санаттағы әскери қызметтерде еңбек ететін әйелдердің мінез-құлқында дербестік қасиет ерекше байқалатындығын атап өткен. Әйелдің күтпеген мінез-құлқы мен ойлау жағдайы әскери салада жұмыс жасайтын әйелдермен сұхбаттасу барысында алынған шынайы жауаптарынан көрінеді: «Біз өзіміздің соңғы минут ішінде қалай әрекет ететінімізді жиі білмейміз», «Көп нәрсе жағдайға, көңіл-күйіміз бен сезінімімізге байланысты» - дейді көптеген әскери қызметтегі әйелдер [9, 46 б.]. Осы ретте әйгілі француз ғалымы Симона де Бовуар былай деді: «Әскери саладағы ер адам үшін ұйымдасқан қатаң тәртіпке бағыну әйелдер үшін өте қиын. Әр адам өзін «әскери талап мен үшін маңызды», әрі оны еңбек талабы ретінде қабылдайды. Ал, әйелдердің әскери саладығы талаптар мен қатаң ержелерді сақтау, бұл олар үшін көну, мойынұсыну ретінде қарастырылады.

Огюст Конт бұл тұрғыда «әйелдің ең үлкен мәселесі - мойынсұнудың қиындығын жеңу» екенін атап көрсетеді [10, 58 б.]. Әйелдердің азаматтық өмірде кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына елеулі әсер етпейтін бұл жағдай, әскери-әлеуметтік ортада шешуші, тіпті, кейде маңызды мәнге ие, бұл ретте басшыға көну, оның қатал талаптарын нақты орындау әйелдерден жинақылық пен эмоционалды тұрақтылық пен төзімділікті талап етеді. Эмоционалды тұрақтылығы төмен, әлсіз нәзік жандылар әскери саланың қатал талабына

кейде шыдамай жататын жағдайлар да жиі кездеседі. Әскери саладағы қызметкерлердің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктер мәселесі Н.Ф. Феденко, В.Г. Горчакова [11, 78 б] сынды ғалымдардың зерттеулерінде жақсы қарастырылған.

Зерттеу пәні болып әскери іс-әрекеттегі әйелдердің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері табылды. Зерттеу нысанасы ретінде әскери іс-әрекеттегі қызмет ететін әйелдер қарастырылды. Зерттеу жұмысына 38 әскери қызметтегі қыз-келіншектер алынды.

Зерттеу әдістері ретінде:

1. Г. Айзенктің тұлғалық тесті. Тест 57 сауалдан тұрады.

2. А.Г. Маклаков және С.И. Чермяниннің Көпдеңгейлі тұлғалық сұрақнама «Адаптивность» (МЛО-АМ). Сұрақнама 165 сұрақты қамтыған, әрі келесідей шкалаларды анықтайды: нақтылық (Н), бейімделу қабілеті (БҚ), жүйке-психикалық тұрақтылық (ЖПТ), коммуникативтік ерекшеліктер (КЕ), моральдық норма (МН).

3. «Әскери саланы таңдау себебім» сауалнама.

Г. Айзенктің тұлғалық тесті мен А.Г. Маклаков және С.И. Чермяниннің Көпдеңгейлі тұлғалық сұрақнамасы арқылы біз Қарулы Күштер қатарындағы әскери салада еңбек ететін әйелдердің кәсіби маман ретінде қарастыру барысында, олардың бойындағы тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін қарастырдық (Сурет 3).




| | Айқын экстраверт | экстраверт | Орташа көрсеткіш | инроверт | Нақты интроверт | Өте жоғары нейротизм | жоғары нейротизм | Орташа көрсеткіш | Нейротизмнің төменгі... |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А тобының нәтижелері | 6% | 25% | 38% | 32% | 0% | 0% | 32% | 44% | 25% |
| В тобының нәтижелері | 12% | 44% | 12% | 25% | 0% | 0% | 50% | 38% | 12% |

**Сурет 3. Г.Айзенктің тұлғалық тестінің**
**А және В топтарының өзара салыстырмалы нәтижесі**

Зерттеу нәтижелеріне (Сурет 3) сәйкес әрбір шәкіл бойынша талдау жасайтын болсақ А және В топтарында «нейротизм» шәкілі бойынша «өте жоғары» көрсеткішті иемденгенген анықталмады, әскери сала қатаң тәртіп пен қатты мінезді талап етуіне байланысты басым көпшілік зерттелушілер экстраверттер екендігі анықталды. «Экстраверттер» А тобында 25%, ал В тобында 44% құрады. Ал «Интроверт» шәкілі бойынша А тобында 32%, ал В тобында 25% құрады. Бұл ретте еңбек өтілімі жоғарылаған сайын сол салаға, оның талаптарына бейімделу, тұлғарааралық қарым-қатынас жасау ерекшеліктері де бір қалыпты бола бастайды, өйткені тәжірибе жинақтау да басты орынға ие болады.«Нейротизм» шәкілі бойынша жоғары көрсеткішке ие болғандар А тобына қарағанда В тобында 50% құрады, орташа көрсеткіш А тобында-44 , В тобында 38%, екі топта да төменгі көрсеткіш 25%, 12% құрады.

А.Г. Маклаков және С.И. Чермяниннің «Адаптивность» (МЛО-АМ) Көпдеңгейлі тұлғалық сұрақнамасы бойынша екі топтың нәтижелерін өзара салыстыратын болсақ (Кесте 1) А тобында «бейімделу қабілеті (БҚ)» шәкілі бойынша төмен -1, орташа- 8, В тобында 12-жоғары, 4 орташа екендігі анықталды. «Жүйке-психикалық тұрақтылық (ЖПТ)» шәкілі бойыншаА тобында төмен -4, орташа- 2, В тобында 11-жоғары, 4 орташа, 1 төмен

көрсеткішті иемденді.«Коммуникативтік ерекшеліктер (КЕ)» шәкілі бойынша А тобында төмен -4, орташа- 4, В тобында 4 орташа көрсеткішті иемденді. «Моральдық норма (МН)» шәкілі бойынша А тобында орташа- 5, В тобында 1 орташа көрсеткішті иемденді.

Жалып екі топ арасында айырмашылықтар бар екендігі айқын көрінеді (Кесте 1).

Кесте 1

**А тобы және В тобының өзара көрсеткіші**

| Деңгейлер | бейімделу қабілеті (БҚ) | | жүйке-психикалық тұрақтылық (ЖПТ) | | коммуникативтік ерекшеліктер (КЕ) | | моральдық норма (МН) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | А тобы | Б тобы | А тобы | Б тобы | А тобы | Б тобы | А тобы | Б тобы |
| Жоғары | 7 | 12 | 10 | 11 | 8 | 12 | 11 | 15 |
| Орташа | 8 | 4 | 2 | 4 | 4 | 4 | 5 | 1 |
| Төмен | 1 | 0 | 4 | 1 | 4 | 0 | 0 | 0 |

Сонымен еңбек өтілімі көп не аз болуы да белгілі бір салада, қызметте еңбеу ету барысында оның жүйке-психикалық тұрақтылығы, коммуникативтік ерекшеліктері мен моральдық нормаларында да айырмашылықтары болатындығы анықталды. Еңбек өтілімі көбейген сайын маманның сол еңбек ету талаптарын орындауға деген жауапкершілігі, адамдармен тіл табыса алуы, қарым-қатынасқа түсе білуі, өз міндетін жауапкершілікпен орындау сияқты ерекшеліктер қалыптасады, ал еңбек өтілімі әлі де болса тәжірибе жинақтауға уақытының жетпегендігі, ортада өзін ұстауы, талаптарды орындау мен әскери тәртіпке бағыну, өзін ортада ұстай алу, жастық қызу қандылыққа берілу сияқты мінез-құлық ерекшеліктері байқалатындығын аңғаруға болады.

Екі топтың өзара нәтижесінің салыстырмалы % көрсеткішін төмендегі Сурет 4-тен қарастыруға болады.




**Сурет 4. А және В топтарының нәтижесінің салыстырмалы % көрсеткіші**

Психологиялық зерттеу нәтижелері бойынша әскери салада қызмет ететін әйелдердің келесідей топтарының типологиясын анықтадық:

*Бірінші топ* «инновациялық» типтегі әскери қызметтегі әйелдер құрған. Олардың негізгі бөлігі кәсіптік салада, отбасылық және күнделікті өмірде де жеке әлеуетін, тұлғалық қалыптасуын қатар жүзеге асырады. Бұл топқа жататын әскери қызметтегі әйелдердің 15% құраған, бұл ең төменгі көрсеткіш. Олар кәсіпте, отбасында, әрі күнделікті өмірде өздерін нақты көрсете алғандар. Оның құрамына «майор» және одан жоғары әскери атағы бар әйел офицерлер, сондай-ақ, әскери кадр саласында жоғары лауазымдарда жұмыс істейтін әйелдер бар. «Инновациялық» топқа жататын әскери саладағы әйелдер өздерінің іскерлік қасиеттеріне, әскери және кәсіби саладағы жоғары өзін-өзі бағалауына, әскери және отбасылық міндеттердің оңтайлы үйлесіміне қанағаттанушылықтың жоғары деңгейімен сипатталады және некеге деген қатынасының беріктігімен ерекшеленеді.

*Екінші топқа* - кәсіби бағдарланған әскери қызметке шынайы бағытталған әйелдер енген. Бұл топтың өкілдерінің басты мақсаты олардың жетістіктерінің кәсіби іс-әрекет барысында танылуы және өзін-өзі жүзеге асырудағы шығармашылық қабілеті, кейде бұл отбасылық өмірге зиянын тигізуі де мүмкін бола тұрса да. Бұл топтағы әйелдердің саны да аз - тек 10% ғана құрады. Осы топтың әскери қызметтегі әйелдердің тұлғалық бағыттылық құрылымында материалдық кәсіби іс-әрекеттің мазмұндық жағынан (нәтиже емес, жұмыс процесінің өзі, кәсіптік ортадағы жеке тұлғааралық байланыстар, өзін-өзі жүзеге асыру факторы ретінде маңызды басымдықпен ерекшеленеді. Олар өз жұмыстарында өз әлеуетін толық түсінеді. Әскери саладағы әйелдердің басым бөлігі кәсіптіке-бағдарланған әйел сарбаздар болып табылады, олар байланыс бөлімдерінде, медициналық және қосалқы қызметтер аясында еңбек етеді. Олардың ішінде, некеде тұрғандардың саны үштен бірін құраса, ал қалған көпшілік некеде тұрмаған, тұрмыс құрмаған қыз-келіншектер болып табылды. Осы ретте әскери салада қызмет ететін әйелдердің басым көпшілігі жұмысбасты, сол себепті де отбасын құрып, ұрпақ жалғастыру, балалы болу, репродуктивтік және отбасылық функцияларын іске асыру арасындағы айқын қайшылық бар екенін ескере кету керек.

«Егер, әйел кез келген іс-әрекетке толығымен сіңіп кетсе, оның бойында «әйел болып толық қалыптаса алмаймын» деген ой мен қорқыныш бойлап алады - дейді Симон де Бовюрер. Бұл сезім әйел адамның ерік-жігерін әлсіретеді және қызметтінен айырылып қаламын деген ойды үдете түседі. Сол себепті де әскери қатаң тәртіпті сақтау мен тапсырмаларды бұлжытпай орындау осы саладағы әйел қызметтерлер үшін отбасы мәселесіне қарағанда көп жағдайда аса маңызды болып табылады.

*Үшінші топты* қажеттілік негізде жұмыс істейтін әскери салада қызмет ететін әйелдердер тобы құрады. Әдетте, бұл жалғызбасты аналар, ажырасқан әйелдер және материалдық тұрғыдан алғанда тұрмысы сын көтермейтін әйелдер. Бұл топтағы әскери қызметтегі әйелдердің ең үлкен тобы - 65% құрады. Бұл әйелдер өзін-өзі жүзеге асыру үшін жұмыс істемейді, «таңдау жоқ» немесе «таңдауға болмады» деген бірақ ұстаным бойынша еңбек етеді. Бұл ретте әскери қызметтегеі әйел адам отбасылық мәселелерден алшақ болып, оған байланысты жұмыстардан көп жағдайда алшақ болып келеді, олардың пікірінше, жұмыста мен отбасылық міндеттерді орындауға қарағанда біршама демалып қалған күйде боламын деген пікірде. Бұл топтағы әскери қызметтегі әйелдердің жұмыстағы белсенділігі төмен, себебі іс жүзінде ешқандай материалдық ынталандыру болмайды, ал еңбекақы атқарылған жұмыстардың көлеміне байланысты төленбейді деп есептейді. Осы топтағы әйелдердің жеке-тұлғалық бағдары негізінен кәсіптік ортадағы тұлғааралық қарым-қатынасқа бағытталған.

*Төртінші топ* – барлық ынта-жігері отбасына бағдарланған әскери саладағы әйелдер, 10% құраған. Бұл топқа тұрмыс құрған әйелдердің үштен бір бөлігін және уақытын отбасына арнауды армандайтын тұрмыс құрмаған басы бос қыздар қамтыған.

Осы топтағы тұрмыс құрмаған қыздар жоғары кәсіби жетістіктермен ерекшеленбейді, өйткені олардың өмірінің басты ұстанымдарының бірі - бақытты отбасын құру, әскери салада басым көпшілігі ер адамдардың еңбек етуіне байланысты өздеріне сол ортадан лайықты жар табуға негізделген. Ал, 10 және одан да көп еңбек өтілімі бар әскери салада қызмет ететін, некеде тұрған әйелдер, әдетте, өздерінің кәсіби біліктіліктерін және кәсіби мәртебесін көтеруге тырысатындығы зерттеу барысында анықталды.

Негізгі әдістемелерді жүргізгеннен кейін зерттеу жұмысымыз барысында «Әскери саланы таңдау себебім» атты тақырыпта сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесіне сай «Әскери саланы таңдау себебім» деген сауалға келесідей жауаптар алынды:

1. Өз елінің партиоты атану. Зерттелушілер өздерін Отанын қорғағысы келетіндерін және әскери істі өз қалауы деп санайтындықтарын алға тартты.

2. Кейбір нәзік жандылар Қарулы Күштер қатарында атқаратын қызметін әлеуметтік сатымен жоғары көтерілу тәсілі ретінде қарайтындықтарын атады. Бұл мотив, әсіресе, саяси мансабын құруды жоспарлап отырғандар арасында кездесті.

3. Ерлі-зайыптылардың бірі әскери сала маманы болған себепті, өзінің де осы жұмыспен айналысуына тура келгендіктерін айтты. Бұл ретте нәзік жандылар үшін өз отбасынан жырақта жүріп, басқа салада қызмет ету мүмкіндігі тумауына байланысты дейді.

4. Әскери саладағы қыздардың бір бөлігі әскери бейіндегі жоғары оқу орындарына түсуі, әрі сол салада қызмет етуі ата-ананың қалауы, әрі өз қыздарының бойында жоғары моральдық келбетті тәрбиелеуге тілек білдірген талабына сай болудан туындаған деген пікірде болды.

5. Ата-аналар өз қыздарының әскери өнерді үйреніп, олардың бойында мақсаткерлік, ерік-күш, өзіне деген қатаңдық сияқты құнды қасиеттер қалыптасады деген пікірде болғандықтары анықталды. Әдетте, бұл жағдайда ата-аналар оқу орнын бітіргеннен кейін қыздар әскери қызметте қалуын талап етпейді. Дегенмен, көптеген қыздар ерікті түрде мамандық бойынша жұмыс істеуді жалғастырады.

6. Кейбір қыздар үшін әскери істі игеру балалық арманы, соны жүзеге асырудың ең қолайлы жолы осы салада қызмет ету деген пікірде.

7. Әскери қызметке кірген көптеген жас қыздар осы салада өзінің отбасылы болуы мен тұрмыс құрудың бірден бір жолы деп санайды.

8. Әскери бөлімдерде олар өзі қатарлас жауынгерлермен бірге жұмыс істейді және олар ер азаматтар тарапынан ықыласпен бөленіп, өздерін қажетті сезіну мүмкіндігіне ие болады деген ойда екен.

9. Бірқатар зерттелінушілердің пікірі бойынша, қыздар да ер-азаматтармен тең әскери қатарда қызмет етуі керек, сол арқылы біз өзін-өзі қорғау дағдыларын игеруге, қаруды басқаруға және алғашқы медициналық көмек көрсетуге үйренеміз деп санайды.

Алынған эмпирикалық мәліметтерге сәйкес әскери қызметтегі әйелдер әскери лауазымдарда қызмет етуіне байланысты бірқатар психологиялық ерекшеліктерге ие деп айта аламыз. 15 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар әйелдер мен 15 жылға дейінгі еңбек өтілімі бар сыналушылар арасында айырмашылықтар бар екендігі анықталды, атап айтқанда: таңдаған жұмыстарында; жоғарыда зерттеу нәтижесіне сәйкес алынған жеке бастық, тұлғалық қасиеттерде; мамандық таңдау мотивтерінде де айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Сондай-ақ, әйелдердің қажеттіліктеріне, олардың лауазымына, баспанаға және жалақысына қатысты қанағаттанбаушылық бар екендігін көруге болады. Тәжірибесі жоқ және тәжірибесі бар әскери қызметтегі әйелдер де жүйке-психикалық тұрақтылық, коммуникативтік қатынасқа түсе білу мен моральдық нормативтік талаптарды орындау жағынан ерекшеленетіндігі анықталды.

*Зерттеу нәтижелеріне сәйкес әскери қызметтің әлеуметтік және моральдық өмірінің барлық қырларына әйелдердің әсерін нақты айту немесе шектеу жасау қиын, өйткені әрбір адамның табиғи ерекшелігі, психологиялық болмысы, тұлғалық ерекшеліктері*

*әртүрлі болып келеді.*

Әйел адамның моральдық әлеуеті зор. Әскери саладағы әйел сарбаздары, қызметкерлерінің ерлерге қарағанда адал, тапсырманы нақты, әрі абыроймен орындауға икемді, тиянақтылық пен зеректік, нәтижеге қол жеткізуге деген талпыныстың жоғары болуы, қатаң әскери тәртіпті сақтау да оларға тән болуымен ерекшеленеді [12, 247 б].

*Осылайша, әскери іс-әрекеттегі әйелдердің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктеріне келесідей сипаттама беруге болады:*

- әйелдердің жағымды психологиялық мінездемесіне: ерекше зейінділік, кәсіби қарым-қатынаста теңгерілген жеке бағалау, сенімділік, жауаптылық, ерлердің қателіктерін кешіру;
- эмоционалдық қарым-қатынас, ашықтық;
- қоршаған ортаға және әскери қызмет жағдайларға тез бейімделе алу мүмкіндігі, қиын өмірлік және кәсіптік жағдайларда өзін-қзі жоғалтып алмау және т.б.
- өзін-өзі тану барысындағы кейбір жағымсыз қасиеттердің арасында: абайсыздық, мінсіздік, дөрекілік, көңіл-күйдің тез өзгеруі, тәуелділік, осалдық, аузында сөз тұрмауы, шектен тыс көп сөйлеу, ой-пікірге бейімділік, төтенше жағдайлардағы стреске төзімсіздік таныту, басқа адамдарға артық әңгіме айту.

Сонымен қатар, әйел затының отбасылы болуы не болмауы әскери қызметтегі өзінің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасу бағытына ықпал ететіндігі анық.

Әскери қызметтің табысты, әрі нәтижелі болуы олардың бойындағы тұлғалық-психологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты [13, 182 б].

Тәжірибе көрсеткендей, әйел күнделікті тұрмыста өзін қаншалықты таныта алатындығы, әскери салада кәсіби білімдерін, дағдыларын және қызмет көрсетудегі басқа да жеке қасиеттерін көрсете алуы, әскери ортада оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің тиімділігіне, оның мәртебесі мен әріптестер арасында қандай қырымен көзге көрінуіне, тұлғалық-психологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты болады. Ал бұл мәселе әлі де болса зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың бірі болып қала бермек.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Калиев А.К. Инновации военного образования (на материалах Высшего военного училища внутренних войск Министерства внутренних дел Республики Казахстан): дисс. ... канд.пед.наук., 20.01.04 – Алматы, 2006. – 162 с.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс]. - URL: www. adilet.zan.kz (қаралған күні: 10.01.19).

3. «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңы (1993 жылы 19 қаңтар). - URL: adilet.zan.kz (қаралған күні: 10.01.19).

4. Барабанщиков А. В., Давыдов В. П., Феденко Н. Ф. Основы военной педагогики и психологии. - М., 1999. - 456 с.

5. Теория и практика воспитания военнослужащих. / Под.ред.Н.И. Резника. М.: 12ЦТ МО РФ.-2005. -239 с.

6. Современная военная психология: Хрестоматия /Сост. А.А.Урбанович. – Мн.: Харвест. -2013. – 349 с.

7. Задорожникова Е.Б. Профессиональная карьера женщин: социологический анализ: автореф. дис. канд. психол. наук. - Н.Новгород, 2003. - 24 с.

8. Зуйкова Е.М. Социальная защита женщин-военнослужащих в реформируемом обществе.- М.: МГСУ, 1996. - 46 с.

9. Завьялова Е.К. Социально-психологическая адаптация женщины в современных условиях (профессионально-личностный аспект).- Автореф. дис.д-ра психол. наук.- СПб,1998. -46 с.

10. Акдаулетова А., Сарбасова С.Б., Айкинбаева Г.К., Әскери ортадағы жас сарбаздармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері. //«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA» Нұр-Сұлтан, 2019. № 2(3). Серия «Психологические науки». -С-58-62.

11. Горчакова В.Г. Деловитость и женственность: Психологические особенности профессионализма женщины. — Челябинск. -1999. -78 с.
12. Иванова Ю.Н. Храбрейшие из прекрасных: женщины России в войнах / Ю.Н. Иванова. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН). -2003.
13. Зайцева А. А., Исаев М. Е. Особенности воспитания военнослужащих-женщин. // Теория и практика образования в современном мире: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2015 г.).

**Г.К.Айкинбаева, А.Т.Акдаулетова, С.Сарбасова**
*Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

**Личностно-психологические особенности женщин в военной деятельности**

**Аннотация.** В данной статье на основе мнений ученых рассматриваются значение и содержание личностно-психологических характеристик женщин на военной службе. Учитывая важность задач, стоящих перед Вооруженными Силами Республики Казахстан, остается подчеркнуть, что роль квалификации, физиологической подготовки и личностно-психологических характеристик специалистов, работающих в данной области, особая.

В настоящее время число женщин, желающих служить в армии и вступать в армию на своей родине, год от года увеличивается. Первостепенное значение имеют психологические особенности профессиональной деятельности женщин в армии, их влияние на занятость и их соответствие требованиям военно-профессиональной службы.

В статье также представлены результаты исследования, посвященного выявлению личностно-психологических характеристик женщин на военной службе.

**Ключевые слова:** военные, военная деятельность, личность, психологические особенности женщин на военной службе.

**G.K.Aikinbayeva, A.T.Akdauletova, S.B. Sarbasova**
*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Personal and psychological characteristics of women in military activities**

**Abstract.**This article discusses the meaning and content of the personal psychological characteristics of women in military service based on the opinions of scientists.Given the importance of the tasks facing the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan, it remains to emphasize that the role of qualifications, physiological training and personality-psychological characteristics of specialists working in this field is special.

Currently, the number of women who want to serve in the army and join the army in their homeland is increasing year by year. However, the psychological characteristics of the professional activities of women in the army, their impact on employment and their compliance with the requirements of the military professional service are of paramount importance and relevance.

The article also presents the results of a study on the identification of personal and psychological characteristics of women in military service.

**Keywords:** military, military activity, personality, psychological characteristics of women in military service.

**References**

1. Kaliev A.K. Innovacii voennogo obrazovanija (na materialah Vysshego voennogo uchilishha vnutrennih vojsk Ministerstva vnutrennih del Respubliki Kazahstan): diss. ... kand.ped.nauk [Innovations in military education (based on materials from the Higher Military School of Internal Troops of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of

Kazakhstan]. diss. ... Candidate of Pedagogical Sciences, 20.01.04 (Almaty, 2006, 162 p.).
2. Kazaкstan Respublikasynyn Konstitucijasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan] [Электронный ресурс]. Available at: www. adilet.zan.kz (Accessed: 10.01.19).
3. «Zhalpyga birdej askeri mindettilik zhane askeri kyzmet turaly» Zany (1993 zhylgy 19 kantar) [On general conscription and military service (January 19, 1993)]. Available at: adilet.zan.kz (Accessed: 10.01.19).
4. Barabanshhikov A. V., Davydov V. P., Fedenko N. F. Osnovy voennoj pedagogiki i psihologii [Fundamentals of military pedagogy and psychology] (Moscow, 1999, 456 p.).
5. Teorija i praktika vospitanija voennosluzhashhih [Theory and practice of education of military personnel]. Editor N.I. Reznik M.: 12ЦТ МО РФ.-2005. -239 с.
6.Sovremennaja voennaja psihologija [Modern military psychology]. Reader. Comp. A.A. Urbanovich (Harvest, Minsk, 2013, p. 349).
7. Zadorozhnikova E.B. Professional’naja kar’era zhenshhin: sociologicheskij analiz: avtoref. dis. kand. psihol. nauk [Professional career of women: sociological analysis. Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Psychological Sciences] (Nizhny Novgorod, 2003, 24 p.).
8. Zujkova E.M. Social’naja zashhita zhenshhin- voennosluzhashhih v reformiruemom obshhestve [Social protection of female military personnel in a reformed society] (MGSU, Moscow, 1996 ).
9. Zav’jalova E.K. Social’no-psihologicheskaja adaptacija zhenshhiny v sovremennyh uslovijah (professional’no-lichnostnyj aspekt). Avtoref. dis.d-ra psihol. nauk [Socio-psychological adaptation of women in modern conditions (professional and personal aspect)] . Abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Psychological Sciences (St. Petersburg, 1998, 46 p.).
10. Akdauletova A., Sarbasova S.B., Ajkinbaeva G.K. Askeri ortadagy zhas sarbazdarmen zhurgiziletin okytu-tarbie zhumystarynyn erekshelikteri [Features of educational work carried out with young soldiers in a military environment], «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA». Serija «Psihologicheskie nauki» [Series «Psychological Sciences»], 2(3), 58-62 (2019).
11. Gorchakova V.G. Delovitost’ i zhenstvennost’: Psihologicheskie osobennosti professionalizma zhenshhiny [Efficiency and femininity: Psychological features of a woman’s professionalism] (Cheljabinsk, 1999, 78 p.).
12. Ivanova Ju.N. Hrabrejshie iz prekrasnyh: Zhenshhiny Rossii v vojnah [Bravest of the Beautiful: Women of Russia in Wars]. Rossijskaja politicheskaja jenciklopedija ( Russian political encyclopedia (ROSSPJeN), Moscow, 2003).
13. Zajceva A. A., Isaev M. E. Osobennosti vospitanija voennosluzhashhih-zhenshhin [Features of education of female military personnel], Teorija i praktika obrazovanija v sovremennom mire: materialy VIII Mezhdunar. nauch. konf. [Theory and practice of education in the modern world: materials of the VIII International scientific conference] (St. Petersburg, December 2015).

***Information about authors:***

***Айкинбаева Г.К.*** - педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доценті, А. Янушкевич көш.,6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Акдаулетова А.*** - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты, А. Янушкевич көш.,6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

***Сарбасова С.Б.*** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Aikinbayeva G. K.-*** Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Social Pedagogy and self-cogniition, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str.,6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Akdauletova A.T.*** - 2nd year master’s degree in Psychology, Yanushkevich str.,6, Nur-Sultan, Kazakhstan

***Sarbasova S. B. -*** Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Nur-Sultan, Kazakhstan.